

Ключевые слова: Субъекты малого предпринимательства, крестьянское (фермерское) хозяйство, упрощенный бухгалтерский учет, национальные стандарты финансовой отчетности, первичные документы, учетные регистры.

УДК 316.614

Сқақова А.Ж.

Нархоз университеті, Алматы

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕСІНІҢ КӨТЕРІЛУІ ЖАЙЛЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстанда қазіргі таңдағы әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саясаттанушылық жағдай жастар көзімен сипатталған. Қазақстандық жастар ұйымдары туралы және олардың жұмыс істеу әдістері қарастырылған.

Кілт сөздер: қоғам, жастар, студент, әлеуметтік жағдай, әлеуметтендіру, ақпарат құралдары, интернет.

Кіріспе

Қазақстан жастарының саясаттануы бұрынғы жылдарға қарағанда бүгінгі таңда өткірлене түскен. Бірақ бұған қоғамтанушы ғалымдар тарапынан онша назар аударылмай келеді. Қоғамтанушы ғалымдар әлі де болса жастарды толғандырып жүрген әлеуметтік, тұрмыстық, әл-ауқаттық мәселелерді ескі методологиялық-әдіснамалық тұрғыда қарастырып, «бәрі жақсы», «орынды», «түзетіледі» деген сияқты жаттанды «қағазбастылық» талдаулар төңірегінде «құрғақ» саралап жүр.

Жастардың саясаттануына интернет, әбжіл байланыс сияқты коммуникацияның жаңа құралдары да тікелей ықпал етуде. Олар әлемдік дерек көздері мен базалардан өздерін толғандырып жүрген проблемалар жөнінде ақиқатты ақпараттарды тез тауып ала алады. Ақпарат көздері тек өндірістік фактор ғана емес. Қоғамды демократияландырудың, билік жүйесінің жұмыс істеу стилі мен ашық, не ашық еместігін көрсететін әмбебап жүйеге айналғанға қашаннан. Оның үстіне бүгінгі таңда саяси биліктің мөлдірлігіне, ашықтығына куәлік ете алатын билік институттары мен жамағат (көпшілік) арасындағы «жұртшылықпен байланыс» (PR) деп аталатын «ақпараттық көпір» бір жақты жұмыс істейді. Барлық ақиқатты шындық айтыла, талдана берілмейді.

Сондықтан, ақиқатты ақпарат нағыз шындықты талдаудың әрі түсіндірудің құралына айналсын десек оқиғаның мәні ақиқатты ақиқатқа айналуы тиіс. Коммуникация мазмұны ретінде ақпарат жұртшылықпен байланыс (ағылшынша «public relations», қысқаша PR, шар деп оқылады) құралына, шындықты түсіндіретін дидаккаға айналғаны дұрыс. Онсыз жастарды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу мүмкіндігі азая түседі. Атқарушы және өкілетті органдардың барлық буындарында, қаржы-несие мекемелерінде, ұйымдар мен кәсіпорындарда жұмыс істейтін жұртшылықпен байланыс құрылымдарды тек ақиқатты ақпарат таратып, мөлдірлікте жұмыс істегендері оңды. Олай болмаған жағдайда, берілген ақпараттың бір жақтылығы(тегістігі) әсер етіп, Жаңаөзен жастары арасында болған жағдаяттың орын алуы мүмкін. Өйткені жастар мәселесі (жұмыссыздыққа, болашаққа сенімсіздік, осыдан туындайтын психологиялық ақуал, т.т.) экономикалық және саяси жағдаяттармен қабаттаса өрбиді. Ажырағысы бірлікте дамиды. Айталық, соңғы жылдары жүргізілген сұрау –салу мәліметтері бойынша, сұралғандардың жартысына жуығы Қазақстанда саяси ақуалдың тұрақсыздануы мүмкіндігін жоққа шығармайды. Байқаушылар соңғы өткізілген сайлаудан кейінгі айларда саяси тұрақтылықтың бұзылуы төмендеп келе жатыр десе де, қауіп әлі толық жойыла қойған

жоқ дейді. Бұл құбылысқа қарсы саяси жүйе тұрақтылығының маңызды көрсеткіші ретінде кешегі өткен президент сайлауында көпшіліктің Н.Назарбаевқа өте жоғары сенім білдіріп, парламент сайлауында «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясына көп сенім артқандығын және қазақ халқына тән тағат-төзім мәдениеттің (толеранттылықтың) жоғарылығын дәлелге келтіреді.

Тұтас алғанда, Қазақстанда қоғамдық-саяси ақуал бір қалыпты, тұрақты. Десек те әлі де болса, кейбір облыстарда жергілікті билік органдарына деген сенім қанағаттандырлық деп есептелгенмен, «жоғары» деп бағалауға әлі де ертелеу сияқты. Айталық, Алматы қаласында бұл сұрақтың жауабы 12,3% құраса, Оңтүстік Қазақстан облысында 38,9 % құраған. Әсіресе, жастарды толғандырып жүрген мәселелердің алдыңға қатарында жұмыссыздықты атаған орынды. Әрбір сұралған респондент жұмыс болса, отбасының әлауқатының жақсаратындығына сенім артқан [1].

Сондықтан, жастар арасында жиі-жиі сауалнама тарату, алдымен сұхбаттасу арқылы оларды толғандырып жүрген мәселелер төңірегінде проблема көтеру мемлекеттік жастар саясатын одан әрі жақсартуға түсуге септігін тигізетіндігі анық. Әсіресе, жастар аудиториясын ұлттық қауіпсіздік, ішкі саяси тұрақтылық, ұлтаралық татулық, экономикалық өсу, шағын және орта бизнесті дамыту, ауыл шаруашылығын көтеру мәселері қатты қызықтырады.

Ал, бұл мәселелерді талдау, сөйтіп, билік органдарына ұсыныстар беру жастар өміріне қатысты проблемалардың оң шешілуіне ықпал етеді.

Өйткені, әлеуметтік зерттеулердің мазмұнының басты міндетті де адам өмірін жақсартуға қолқабыс тигізу, үнемі қозғалыс, өзгеріс үстіндегі қоғамдық қатынастарды зерттеу болып табылады. Сондықтанда социологиялық зерттеу нәтижесі әр уақытта да бұқаралық ақпарат құралдарының «нанына» айналғандығы қашаннан. Социологиялық зерттелуде бұқаралық ақпарат құралдары аудиториясын анықтауға, қоғамдық пікірді қалыптастыруға әсер етеді. Әлеуметтік процестері мен құбылыстарды туралы нақтылы 'әлеуметтік фактілер' (О.Конт) жинақтармен айналыса отырып, әлеуметтану журналистикалық эмпирикалық құндылығын көтере түседі. Ал, БАҚ-та жарияланған зерттеулерді социологиялық теорияны тереңдетіп, байыта түседі.

Сондай-ақ, жастар арасындағы көңіл-күйді зерттеу тек оқиғалар барысын болжауға болады және бағыттауға ғана емес, сонымен бірге олардың санасына ықпал етудің шешуші тетіктерінің бірі іспетті. Кез-келген жас өзінің іс әрекетіне басқалардың қызығушылығын байқап, жақсы істеуге жеке басының тікелей қатысы барын тереңірек сезінген сайын оны одан әрі жалғастыруға ұмтылады. Сондықтан жастар арасында жүргізілетін жұмыстардың жаңа, неғұрлым тың нысандарын іздестіре отырып, «Менің болашағымның стратегиясы» «Жастар өндірістік - инновациялық бағдарламаларды қолдайды» деген сияқты акцияларды жиі өткізіп отыру керек (2.156б.).

Жастар назарын өзіне аударта алатын жаңаша сұхбаттасу тәсілі ретінде, Ұлттық жастар пікір-сайыс порталын жасақтау қажет. Онда жастар өздерін толғандырып жүрген мәселелері туралы, қоғамдық өмірімізде болып жатқан құбылыстар, үдерістер мен оқиғалар туралы, биліктік басқару стилі мен қызметі жайлы пікірлерін білдіре алады. Іс-әрекетті жетілдіру туралы ой-санасын үлгілейді.

Республика аумағында жүздеген жастар ұйымдары жұмыс істейді. Олардың бәрі үгіт-насихаттық, ғылыми әдістемелік және мәдени-сауықтық жұмыс тәсілдері мен әдістерін кеңінен пайдаланады. Сондықтан, осы ұйымдардың жұмысын үйлестіріп, негізгі бағыт ретінде жастарды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуге баса назар аудару қажет. Жастарды патриоттық рухта тәрбиелеудің бағыттары ретінде- отансүйгіштікке баулу, имандылыққа тәрбиелеу, моральдық-адамгершілік тұрпатты қалыптастыру, тәртіптік ережесі мен құқықтық құрметтеу, үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлықты меңгерту қажет.

Осы мәселелерді көтеруге қолданбалы әлеуметтанулық зерттеу мәліметіндегі шешуші рөлге ие. Жастар арасында өрбитін әлеуметтік көкейкесті мәселелерді зерттеуде, мұндай зерттеулерді, біріншіден, тақырыпқа қатысты бұрындары жарияланған ғылыми-зерттеу жұмыстарымен салыстыра отырып талдауларға қол жеткізеді. Ал, мұның өзі көтерген мәселенің актуалдылығын арттыра туседі. Екіншіден, зерттелетін мәселе жайлы (әлеуметтік топ, жеке құрылым, ұтым т.б.) туралы деректерді, есептеулерді, арнайы статистикалық т.б материалдарды мүмкіндігінше молынан жинауға себепші болады. Оның дәлеліне біз студенттер арасында жүргізген төмендегі нақты-социологиялық зерттеу мәліметтерін мысалға келтіруге тұрады.

Зерттеу тақырыбы «Студент жастардың девианттық мінез-құлықты бағалау индикаторларды көрсеткіштер» деп аталады. Негізгі мақсат – студенттеріміздің осы мәселеге көзқарасын анықтау. Қоғамымыздың өркендей дамуы үшін менің қосатын үлесім қандай деген сияқты сұрақтарға жауап іздеу. Зерттеуімізді «Қазіргі кезде маскүнем адамдарды жиі кездестіреміз бе?»-деген алғашқы сауалына университет жастарының 40 пайызы - иә, жиі кездестіремін; 60 пайызы-анда-санда кездестіремін; 0 пайызы - жоқ мүлде көрмеймін - деп жауап бере келе, «Маскүнемдікті жою үшін қандай шаралар жасалу қажет деп ойлайсыз?» деген сұраққа; 65 - пайызы алкогольдық ішімдіктерді өндіруге және сатуға тыйым салу қажет; 10 пайызы - маскүнемді жазалау керек; 15 пайызы - оны жою мүмкін емес; 10 пайызы жауап беруге қиналамын деген жауаптар қайтарған.

Бұл күндері той-думан ішімдіксіз өтпесе де «Қазіргі кезде той-жиын, мерекелердің ішімдіксіз өтуіне қалай қарайсыз?» деген сауалға 75 пайызы – тіпті жақсы өтер дер едім; 15 пайызы – жоқ олай болуы мүмкін емес; 10 пайызы - ондай болса, той қызық болмайды - деген. Қорытынды: маскүнемдік адамзат өркениетінің бүгіндегі ең күрделі мәселесіне айналған. Яғни, алкоголь шын мәнінде біздің өміріміздегі әлеуметтік салттың бір элементі болып кірді десек, артық айтпаған болар едік. Маскүнемдіктің салдары адамды күтпеген қылмысқа, жан-жақты азғындап кетуге итермелейді.

Ал, той – жиынның ішімдіксіз өткізуге келісетіндер санының көп болуы, жай қарапайым мәдениетті жауап айтумен ғана шектелгендер. Алкоголь ішімдіктерді өндіруге және сатуға тыйым салу, оны жарнамаламау қажет. Оны тек негативті жағынан жарияласақ, сол арқылы қоғамдық сана қалыптасуы мүмкін дейді.

Бүгінгі таңда, қоғамда орын алып отырған дерттің бірі-өзін-өзі өлтіру. Кейбіреулер бұған өмірдегі шешілмейтін мәселелер себеп болады дейді. Бұл жайында біздің жастарымыздың 90 пайызы проблемасына байланысты десе, 10 пайызы ауру деп ойлайтындықтарын айтқан.

Қазіргі кезде бұған себеп болатын тенденциялар өте көп. Әсіресе дамушы елдерде әртүрлі өмірдегі тіршілік қиындығына шыдай алмай өзіне-өзі қол жұмсайтындар баршылық. «Қыздардың темекіге үйір болуын кертартпа ғадет деп ойлайсыз ба?» деген сауалға 100 пайызы «иә» деп жауаптаған. «Жөзекшеліктің көбейіп кетуін немен түсіндірер едіңіз?» деген сауалға: 55 пайызы күнкөріс қиындығына байланысты, жұмыссыздыққа байланысты; 15 пайызы ақша табудың оңай жолы деген. Дамушы елдерде жөзекшеліктің көптеп етек алуы бұл, табиғи қоғамдық дерт дегендер 30 пайызды құрады.

Ал, «Студент жастардың сабаққа деген енжарлығын ауытқыған мінез-құлық деп есептейсіз бе?» деген сауалға 60 пайызы иә, 40 пайызы жоқ деген жауап берді.

Сонымен қатар «Жастардың осындай әртүрлі кертартпа әдеттерге душар болуына басты себеп не деп түсінесіз?» деген сұраққа 30 пайызы жұмыссыздықтың көбеюінен, 30 пайызы отбасындағы әртүрлі мәселелерге байланысты, 25 пайызы басқаға еліктеуден және 15 пайызы өмір сүруінің қиындап кетуінен –деп түсіндіреді. Ал, «Осы кертартпа әдеттердің қоғамымыздың ішкі саяси дамуы мен тұрақтылығына кері әсерін тигізе ме?» Бұл сауалға 90 пайызы иә, 10 пайызы әсері болуы мүмкін, орта деңгейде дейді.

Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңіндегі қиыншылық салдарынан осындай жағдайлардың орын алуы әрине өкінішті. Бірақ, бұлардың шешу жолдарын ерекше ұқыптылықпен қарап, оларға барынша қарсы тұру өркениетті мемлекеттің төл ісі.

Қорыта айтқанда, биылғы жыл - Қазақстан жастары үшін ерекше жыл. Елбасы айтқандай, еліміздің әрбір азаматы осынау 25 жыл ішінде қол жеткен барлық жетістіктеріміз бен жеңістерімізді жасауға өзінің тікелей қатысы барын сезінуі тиіс.

Әдебиеттер

1. Егемен Қазақстан. - 2016, - 24 қаңтар.
2. Әбдікерова Г.О. Әлеуметтану: оқу құралы.-Алматы: Қазақ университеті; 2011 - 122б.

Скакова А.Ж.

О СОЦИАЛЬНЫХ ПРОБЛЕМАХ МОЛОДЕЖИ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В этой статье рассматривается социально-экономическая и общественно-политическая ситуация Казахстана глазами молодого поколения. О молодежных организациях страны и их методике работы.

Ключевые слова: общество, молодежь, студент, социальные проблемы, социализация, интернет, медиа.

Skakova A.Jh.

ABOUT YOUTH SOCIAL PROBLEMS IN KAZAKHSTAN

Abstract

This article discusses the socio-economic and socio-political situation of Kazakhstan through the eyes of the young generation. About youth organizations of the country and their method of work.

Keywords: Society, young generation, student, social problems, socialization, media, internet.

УДК 631.15:338.43

Султан А.

Казахский национальный аграрный университет

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ СТРУКТУРЫ УПРАВЛЕНИЯ НА СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОМ ПРОИЗВОДСТВЕ

Аннотация

В статье раскрываются проблемы управления производством на примере сельскохозяйственного производства. Значительное внимание уделяется направлениям повышения эффективности управления сельскохозяйственным производством. На основе